

Астана қаласы әкімдігінің «№21 орта мектеп» КММ

№1 ХАТТАМА

2025 жылғы «__» _____

Қатысқандар: 56 адам

- Күн тәртібі:

Педагогтар мен бухгалтерлердің қызметіндегі жоғары жауапкершілік пен маңыздылығын, сондай-ақ заңсыз әрекеттер мен бюджет қаражатын жымқыру фактілеріне жол бермеу және олар үшін заң алдындағы жауапкершілік мәселесін талқылау.

1. Жиын барысы:

1. Жиналысты мектеп директоры Медетбеков Қ.Қ. ашып, жиынның мақсатымен таныстырды. Білім беру ұйымдарында қаржылық тәртіп пен заңдылықты сақтау, бюджет қаражатын тиімді әрі мақсатты пайдалану – әрбір қызметкердің азаматтық әрі кәсіби борышы екені айтылды.

2. Педагогтар мен бухгалтерлердің қызметінде жоғары адалдық пен жауапкершілік танытуы – оқу-тәрбие процесінің сапасына, сондай-ақ мекеменің беделіне тікелей әсер ететіні атап өтілді. Әрбір қызметкер өзіне сеніп тапсырылған міндеттерді заң аясында, адал атқаруға тиіс.

3. Жиын барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі қаржы тәртібін бұзу және бюджет қаражатын жымқыру бойынша жауапкершілік түрлері түсіндірілді. Бюджет қаражатын мақсатсыз жұмсау, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, жалған құжат жасау сияқты әрекеттердің заң алдындағы жауапкершілікке алып келетіні ескертілді.


4. Осындай заңбұзушылықтарға жол берген қызметкерлер тек әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке ғана емес, сонымен қатар этикалық нормаларды бұзғаны үшін де тәртіптік жазаға тартылатыны айтылды.

5. Барлық қатысушылар қойылған мәселелер бойынша сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды. Түсіндіру жұмысы белсенді диалог форматында өтті.

- Қаулы етті:

1. Педагогтар мен бухгалтерлердің қызметіндегі жоғары жауапкершілік пен адалдық қағидаттарын сақтау міндетті екенін назарға алу.
2. Заңсыз әрекеттер мен қаржы тәртібін бұзу фактілеріне жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.
3. Қызметкерлерді құқықтық ақпаратпен тұрақты түрде таныстырып отыру.
4. Жоғарыда көрсетілген мәселелермен барлық қызметкерлерді қол қойғызып таныстыру.

Мектеп директоры:  Медетбеков Қ.Қ.

Хатшы:  Кенжебай М.Қ.